

**"Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрлігі"
мемлекеттік мекемесі**

Қазақстан Республикасы 010000, Есіл
ауданы, Мәңгілік Ел Даңғылы 8

**Государственное учреждение
"Министерство науки и высшего
образования Республики
Казахстан"**

Республика Казахстан 010000, район
Есиль, Проспект Мангилик Ел 8

05.03.2025 №ЖТ-2025-00711138

БАҚБЕРГЕН ЕРНҰР ДӘУЛЕТҰЛЫ

**КАЗАХСТАН, АЛМАТЫ, АЛАТАУСКИЙ,
МИКРОРАЙОН Алғабас, УЛИЦА Фариза
Онгарсынова, 178**

На №ЖТ-2025-00711138 от 3 марта 2025 года

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті жұмыспен өтеу мәселесіне қатысты хатқа төмендегіні хабарлайды. Мемлекеттік білім тапсырысы негізінде оқуын бітіруші түлектердің жұмыспен өтеу тәртібі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі-Заң) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Қағида). «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік білім тапсырысы негізінде оқуын бітірген түлектердің жұмыспен өтеу жөніндегі өз міндеттерін орындауына немесе жұмыспен өтемеген жағдайда орнын толтыру жөніндегі өз міндеттерін сақтауын мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз ету «Қаржы орталығы» АҚ жүктеледі. Заңның 47-бабының 17-тармағына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бакалавриат, магистратура, резидентура мен докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алған түлектер екі/үш жыл Қағиданың 3-8 – тармақтарында көрсетілген ұйымдарда жұмыспен өтеу міндетін орындауға тиісті. 1 сұрақ бойынша Заңның 47-бабының 17-4-тармағы бойынша осы баптың 17-тармағында көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндетті орындамағаны үшін жас маман өзінің оқуына байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды өтеуге міндетті. Бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу іс жүзінде жұмыспен өтелген кезеңге мөлшерлес жүзеге асырылады. Қағиданың 38-тармағында мөлшерлес өтеу формуласы қарастырылған. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 298-бабына сәйкес міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабы бойынша борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте ғана несие берушіге төлеуге міндетті, яғни заңдармен немесе келісім-шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 295-бабында несие беруші тараптардың келісінде айып төлеу міндеті көзделген-көзделмегеніне қарамастан, заңдарда белгіленген айып төлеуді (заңды айып төлеуді) талап етуге құқылы болатыны көзделген. Бұл ретте тұрақсыздық айыбы жұмысты өтеу міндеті орындалмаған немесе бұзылған күннен бастап есептеледі. Заңды айыптың мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің (бұдан әрі-ҚР ҰБ) талап берілген күнге белгілеген

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.




базалық мөлшерлеменің негізінде есептеледі. Айыптың сомасы міндеттеме бұзылған күнінен бастап талап арыз жіберілген күнге дейін мерзімі өткен күндер саны негізінде мына формула бойынша есептелді: айып сомасы = өндіруге жататын қарыз сомасы (шығыстар сомасы – ішінара өтелген сома) × мерзімі өткен күндер × ҚР ҰБ-нің базалық мөлшерлемесі (2025 жылы - 15,25 %) ÷ 360 күн (бір жыл күндері). 2-3 сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 241-бабына сәйкес соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен орындауға жіберіледі. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылып беріледі. Атқару құжаты өндіріп алушыға беріледі не оның арызы бойынша сот аумағы бойынша тиісті әділет органына, не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындау үшін жібереді. Әрбір атқару парағында өндіріп алынатын жалпы сома, барлық жауапкерлер және олардың ортақ жауаптылығы көрсетілуге тиіс. Соттың заңды күшіне енген шешімін орындамау заңда көзделген жауапкершілікке әкеп соғады. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті және уақтылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндеттері болып табылады. Осы Заңның 31 және 32-баптарына сәйкес сот орындаушысы өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін негіз болып табылады. Сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналар болып табылады: 1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, мүлкіне тыйым салу; 1-1) борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу; 2) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы мүлкін алып қою; 2-1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымайтын мүлкін алып қою; 3) борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капитал мен мүліктегі үлестерін иеліктен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру; 4) борышкердің оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлікті, оның ішінде ақшаны пайдалануына тыйым салу не оларды сот атқарушысы белгілеген шекте пайдалануға нұсқау беру; 5) борышкер мүлкіне сүргі салу; 6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою; 7) басқа адамдардың борышкерге мүлік, оның ішінде ақша беруіне немесе оған қатысты өзге де іс-әрекеттерді орындауына тыйым салу. Сонымен қатар, осы Заңның 33-бабы бойынша сот орындаушысы атқарушылық құжаттың мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы талаптары үш айдан астам, немесе республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық еселенген айлық есептік көрсеткішке тең не одан асатын сомаға атқарушылық құжаттың талаптары орындалмаған жағдайда, борышкер болып табылатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті. Осы жауаппен келіспеген жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

Төрағаның орынбасары

АБЫЛАЙХАН АКЕРКЕ



Орындаушы

АБУОВА КАРЛЫГАШ УСЕРБАЕВНА

тел.: 7172741624

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.